



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**АВТОМОБИЛЬ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КӨЛК ҚҰРАЛДАРЫ
ИЕЛЕРІНІҢ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛГІН ЕРІКТІ
САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ»**

**«Мұнай сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы
Директорлар Кеңесі Бекіткен
2025 жылғы «03» сәуірде №02-01/09 хаттама
2025 жылғы «07» сәуірден бастап күшіне енді**

Семей қ.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ	4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ	4
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ	4
5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	4
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	5
7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР	5
8. САҚТАНДЫРУШАРТЫНЫҢҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ	6
9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ	6
10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7
11. АҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	8
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ	9
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ	11
14. ҚОСАРЛАНГАН САҚТАНДЫРУ	12
15. ФРАНШИЗА	12
16. СУБРОГАЦИЯ	12
17. ФОРС-МАЖОР	13
18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	13

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. "Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ, бұдан әрі – "Сақтандырушы", осы автомобиль және өзге де көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелері (бұдан әрі – "Ережелер") және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде автомобиль және өзге де көлік құралдары иелерінің азаматтық – құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – "сақтандыру Шарты") заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі – "Сақтанушы") жасасады.
- 1.2. Сақтандырудың мақсаты Сақтанушылардың жол қозғалысында пайдаланған кезде Сақтанушиның көлік құралымен (бұдан әрі – КО) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мұдделерін қорғау болып табылады.
- 1.3. Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар:
- 1.3.1. **Сақтандырушы** - "Мұнай сақтандыру компаниясы" Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға.
- 1.3.2. **Сақтанушы**- Сақтанушы ретінде көлік құралын меншік құқығы немесе өзге де заттық құқықтар негізінде пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар бола алады. Сақтанушылар КҚ-н меншік құқығында немесе өзге де заттық құқықтарда пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар болуы мүмкін. Осы КҚ иелерімен еңбек қатынастарына байланысты КҚ-н пайдаланатын адамдар Сақтанушы бола алмайды. Сақтандыру Шарты заңды тұлғамен жасалған жағдайда сақтандыру қорғанысы, Сақтанушы өкімі бойынша және сақтандыру Шартында Сақтанушы арқылы белгіленген КҚ қолданатын Сақтанушымен еңбек қатынасындағы тұлғаларға таралады. Егер сақтандыру Шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы сақтандыру Шартында көрсеткен және көрсетілген КҚ-н заңды негізде пайдаланатын тұлғалардың азаматтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.
- 1.3.3. **Пайда алушы**-сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылады.
- 1.3.4. **Жәбірленушілер**-қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген өмірге, денсаулыққа және/немесе мүлікке келтірілген зиянды өтету құқығы бар; асыраушысынан айырылуына байланысты зиянды өтетуге және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтетуге құқығы бар жеке тұлғалар; мүлкіне залал келтірілген заңды тұлғалар. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы, сақтандыру жағдайы кезінде Сақтанушиның КҚ басқарған адам және сақтанушиның КҚ-да болған басқа адамдар жәбірленуші болып табылмайды.
- 1.3.5. **Сақтандырылуышы**-КҚ басқаруға жіберілген сақтандыру Шартта көрсетілген, азаматтық жауапкершілігі сақтандырылған және тиісті санаттағы КҚ басқару құқығына қатысты жарамды жүргізуші куәлігі бар тұлға.
- 1.3.6. **Сақтандыру ережелері** - сақтандыру шарттарын қамтитын осы құжат және олардың негізінде сақтандыру Шарты жасалатын сақтандыру субъектілерінің өзара іс-қимылы;
- 1.3.7. **Сақтандыру шарты** - Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім, оның негізінде Сақтандырушы сақтандыру Шартында көзделген оқиға (сақтандыру жағдайы) басталған кезде сақтандыру Шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Сақтанушыға сақтандыру жағдайы (сақтандыру төлемін жүзеге асыру) нәтижесінде туындаған қаржылық шығындарды өтеуге сақтандыру шартында келісілген төлемді (сақтандыру сыйлықақысы) жүргізуге міндеттенеді.
- 1.3.8. Осы Ережелердің негізінде сақтандыру шарттары тіркеуге жататын механикалық көлік құралдары (мотоциклдер, мотороллерлер, Жеңіл және жүк автокөліктері мен олардың базасында салынған автокөліктері, сүйреуіштер, шағын автобустар, автобустар, троллейбустар, трамвайлар, тракторлар және басқа да өздігінен жүретін машиналар) және оларға тіркемелер иелерімен жасалады .
- 1.3.9. Сақтандыру Шарты заңды тұлғамен жасалған жағдайда сақтандыру қорғанысы, Сақтанушы өкімі бойынша және сақтандыру Шартында Сақтанушы арқылы белгіленген

КҚ қолданатын Сақтанушымен еңбек қатынасындағы тұлғаларға таралады. Егер сақтандыру Шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы сақтандыру Шартында көрсеткен және көрсетілген КҚ-н занды негізде пайдаланатын тұлғалардың азаматтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.

- 1.3.10. Егер сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, осы Ережелердің негізінде жасалған сақтандыру шартының күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша қолданылады.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде КҚ сақтандыру шартында көрсетілген үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне залал келтіру салдарынан залалдарды өтеу жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес туындастырылған міндеттемелерге байланысты сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайши келмейтін мүлкітік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

- 3.1. Сақтандыру сомасы-сақтандырушы оның шеңберінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттенетін сома. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады. Сақтандыру сомасы Сақтанушының сақтандырушымен келісімімен айқындалады.
- 3.2. Сақтандыру шартында Сақтандырушының бір(әрбір) сақтандыру жағдайына, сондай-ақ жауапкершіліктің басқа да шекті көлеміне жауапкершіліктің шекті көлемі белгіленуі мүмкін.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

- 4.1. Сақтандыру сыйлықақысы деп Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру Шартында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сақтандыру Ережелерінде, белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы түсініледі.
- 4.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасының мөлшеріне, сақтандыру мерзіміне, франшизаға, сақтандырудың нақты шарттары мен сақтандыру тәуекелі дәрежесіне, КҚ түріне (мотороллер, мотоцикл, женіл немесе жұк автомобилі, шағын автобус, автобус және т. б.), оның техникалық сипаттамаларына (қозғалтқыштың қуатын, толық массасын, жолаушылар орындарының санын және т. б.), басқаруға жіберілген жүргізушілер санын, олардың жүргізуі өтілін және басқа деректерге байланысты болады.
- 4.3. Сақтандыру шартын кезекті мерзімге жасасқан кезде сақтандырушы алдыңғы сақтандыру кезеңіндегі сақтандыру қорытындылары бойынша женілдіктер мен үстемеақылар жүйесін қолдануға құқылы.

5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының кассасына қолма қол ақшамен немесе Сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы төлене алады.
- 5.2. Сақтандыру Шартын 1 жылға жасаған кезде Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу мүмкіндігі берілуі мүмкін. Сақтандыру жарналарының мөлшері және оларды төлеу мерзімі сақтандыру Шартымен айқындалады.
- 5.3. Егер сақтандыру Шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу көзделсе, Шартта, шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген мерзімдерде төлемеудің салдары айқындалуы мүмкін.
- 5.4. Сақтанушы, егер сақтандыру шартында өзгесі белгіленбесе, егер кезекті немесе соңғы сақтандыру жарнасын төлегенге дейін сақтандыру жағдайы орын алса, сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының қалған бөлігін мерзімінен бұрын төлеуі керек. Сақтанушының Сақтандырушымен түпкілікті есеп айрысуына дейін осы сақтандыру

Шарты бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмайды.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 6.1. Сақтандыру жағдайы – бұл сақтандыру шартында көзделген және туындаған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі пайда болатын оқиға.
- 6.2. Сақтандыру жағдайы ретінде сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралының қатысуымен орын алған және оның салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына зиян келтірілген, сондай-ақ олардың мүлкіне залал тигізілген жол-көлік оқиғасы (ЖКО) танылады, бұл ретте Сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтірілген зиянды және/немесе залалды өтөу жөнінде міндеттемесі туындаиды.
- Сақтандыру жағдайларына сондай-ақ қозғалмалы көлік құралынан бөлініп шыққан элементтердің (көлік құралының бөлшектері немесе тасымалданатын заттар) зиян келтіруі және/немесе залал келтіруі нәтижесінде болған жағдайлар да жатады.

7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР

- 7.1. Сақтандыру келесі себептерден орын алған өмірге, денсаулыққа және/немесе мүлккө зиян келтіруді қамтymайды:
- 7.1.1. жәбірленушінің қасақана әрекеті нәтижесінде;
- 7.1.2. КҚ-н тиісті өкілеттіктері жоқ адам немесе сақтандыру шартында КҚ-ны пайдалануға құқығы көрсетілмеген адам басқарған жағдайда (оның ішінде егер мұндай адам КҚ-ны келісімімен және/немесе Сақтанушының қатысуымен басқарса);
- 7.1.3. КҚ-н заңсыз иеленген адам басқарған жағдайы;
- 7.1.4. көлік қозғалысында болмаған күйіндегі өрт салдарынан, сондай-ақ көлік құралын өртеу нәтижесінде;
- 7.1.5. егер ЖКО орнында емес және оның салдарынан емес, КҚ жарылу нәтижесінде, сонымен бірге КҚ-н жару нәтижесінде;
- 7.1.6. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерінен;
- 7.1.7. әскери іс-қимылдардың, маневрлердің немесе өзге де әскери іс-шаралардың, азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары немесе ереуілдер, терроризм; уәкілетті органдардың өкімі бойынша КҚ-н тәркілеу, алып қою, реквизициялау, қамауға алу немесе жою;
- 7.1.8. егер ЖКО сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру шарттың қолданылу кезеңінен тыс болған болса немесе форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса;
- 7.1.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес көлік құралы иесінің келтірілген зиян үшін жауапкершілігін алып тастайтын жағдайларда.
- 7.2. Келесі жағдайларда үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан ЖКО сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
- 7.2.1. Сақтанушының немесе Сақтанушымен еңбек/шарттық қатынаста тұрган адамдардың қасақана әрекеттері нәтижесінде, сондай-ақ зиян келтірушінің кінәсі болмаған кезде жәбірленушінің өрескел абайсыздығы нәтижесінде;
- 7.2.2. Сақтандырушының келісімінсіз КҚ-н сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында жазбаша түрде пайдаланған кезде;
- 7.2.3. занды тұлғамен жасалған сақтандыру Шартында көрсетілген тұлға, қызметтік міндеттерін орындауға байланысы жоқ мақсатта КҚ пайдаланса;
- 7.2.4. Сақтандырушымен алдын ала жазбаша келісімінсіз КҚ-н ақылы/ақысыз пайдалануға беру салдарынан (жалға алу, лизинг, жалға беру және т. б.);
- 7.2.5. келесі тұлғалар КҚ-н басқару кезінде:
- тиісті санаттағы КҚ басқару құқығына жүргізуінің күнінде жоқ;
 - алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық немесе қабылдағаннан кейін КҚ басқаруға рұқсат етілмейтін дәрі-дәрмектердің әсерінен болған масайудың кез келген күйінде болса;
- 7.2.6. егер көлік құралының жүргізуінің күнінде жоқ жағдайда оның қашып кетсе немесе медициналық куәландырудан (сараптама) өтуден бас тартса;
- 7.2.7. Сақтанушының КҚ-н пайдалану ережелерін бұзыу нәтижесінде, оның ішінде техникалық

акаулығы бар ТҚ; белгіленген тәртіппен техникалық байқаудан өтпеген техникалық ақаулы КҚ-н пайдалану; сондай-ақ өрт қауіпсіздігі қағидаларын, өрт қауіпті және жарылыш қауіпті заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау қағидаларын, жүктөрді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (жол жүрісі қағидаларына сәйкес) бұзы нәтижесінде;

- 7.2.8. КҚ-н оның техникалық мақсатына сәйкес келмейтін мақсаттарда пайдалану.
- 7.3. Сақтандыру келесі залалдарды өтемейді:
- 7.3.1. қарулы қақтығыстар, соғыстар, төтенше жағдайлар аумағында пайда болған;
- 7.3.2. антикварлық және басқа да ұқсас бірегей заттар, бағалы және жартылай бағалы тастанар мен металдардан жасалған бұйымдар, діни ғибадат заттары, коллекциялар, картиналар, қолжазбалар, ақша белгілері, бағалы қағаздар бүлінуіне немесе жойылуына байланысты, сондай-ақ жанама шығыстар мен шығындар, табыстың жоғалуы, істің тоқтап қалуынан пайда болған;
- 7.3.3. сақтандыру шартында көрсетілген автокөліктегі жүргізушіге, жолаушыларға, автомобильде болған мүлікке келтірілген;
- 7.3.4. коршаған ортаға келтірілген;
- 7.3.5. КҚ техникалық ақауларының салдарынан туындаған (оның ішінде тежегіштердің, қозғалтқыштың, электр жабдығы элементтерінің істен шығуы). Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен жағдайлардың тізбесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген.
- 7.4. Сақтандыру моральдық зиянды, жоғалған пайданы, шығындарды (айыппұлдарды), тұрақсыздық айыбы), мүліктің тауарлық түрінің жоғалуы, сақтандыру жағдайын реттеу кезінде қонақ үйде тұру, іссапар шығындары, телефонмен сөйлесу шығындары, тауарларды жеткізу және қызметтерді өндіру мерзімдеріне байланысты кез келген шығындарды қамтыймайды.
- 7.5. Еңсерілмейтін күштің салдарынан зиян келтіру.
- 7.6. Сақтанушиның немесе Жүргізушінің өзі басқаратын КҚ немесе оның тіркемесіне, оларда тасымалданатын жүк немесе басқа мүлікке, сондай-ақ оларға орнатылған жабдыққа (егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе) зин келтіру.
- 7.7. КҚ сақтандыру шартында көрсетілген дөнгелектердің астынан заттарды шығару салдарынан зиян келтіру.
- 7.8. КҚ-н жүкті тиесінше оны түсіру кезінде зиян келтіру.
- 7.9. жалға алынған автокөлікті қайтармау не уақтылы қайтармау тәуекелін қоса алғанда, жалдау (лизинг) шартына сәйкес жүзеге асырылатын міндеттемелерді орындауға немесе тиісінше орындауға байланысты залалдар.
- 7.10. Жалға беру (лизинг) шарт арт бойынша айыппұлдарды, өсім пұлдарды және өзге де санкцияларды төлеу міндеттіне байланысты залалдар.
- 7.11. Сақтандыру шартында (сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе) көрсетілген КҚ сүйрету үшін пайдаланған кезде сүйретілетін КҚ-на зиян келтіру
- 7.12. жолаушылар ретінде үшінші тұлғаларды тасымалдау бойынша коммерциялық (табыс алу мақсатында) қызметті жүзеге асыру не ЖКО күніне қолданылып жүрген КҚ-н такси ретінде пайдалануға арналған лицензияның болған (егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе) жағдайда сақтандыру Шартында көрсетілген КҚ пайдалану кезінде зиян келтіру.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

- 8.1. Сақтандыру шарты, егер онда өзгеше көзделмесе, 1 жыл мерзімге жасалады.
- 8.2. Сақтандыру шарты, егер онда өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Сақтандыру шарты тараптардың бір құжатты жасауы арқылы жазбаша нысанда жасалады. электрондық нысанда:
- 9.2. Сақтанушиның Сақтандырушы әзірлеген сақтандыру ережелерінде көзделген

сақтандырудың үлгілік шарттарына қосылуы біржақты тәртіпте, Сақтандырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде шартты ресімдеуді қоса алғанда (бұл тармақ компанияның басқару органының ерекше өкіміне дейін қолданылмайды).

- 9.2.1. Сақтандыруши біржақты тәртіппен өзірлеген сақтандыру ережелеріне көзделген сақтандырудың үлгілік шарттарына Сақтанушының қосылуы және сақтандырушының Интернет-ресурсында шартты ресімдеу (бұл тармақ компанияның басқару органының ерекше өкіміне дейін қолданылмайды).
- 9.3. Сақтандыру шартын жасасу, сақтандыру шарттарын өзгерту кезінде Сақтандыруши КҚ-н тексеруді талап етуге құқылы.
- 9.4. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кейінгі қалдыру шартымен жасалуы мүмкін.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

10.1. Сақтанушының құқықтары:

10.1.1. сақтандыру шартында, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету;

10.1.2. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

10.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасау.

10.2. Сақтанушы міндеттері:

10.2.1. сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлау;

10.2.2. КҚ иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандырудың басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық шарттары туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлау;

10.2.3. сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде және тәртіппен төлеу;

10.2.4. сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде, егер бұл өзгерістер тәуекел дәрежесінің үлғауына (КҚ-н жалға беру, лизингге беру, прокатқа беру, оны сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану) елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған КҚ-н сақтандыру шартында көрсетілген Пайдалану шарттарында туындаған өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау;

сақтандыру шартында көрсетілген КҚ-н ақаусыз құйде ұстau;

зиян келтіру мүмкіндігін азайту үшін сақтық шараларын қолдану;

10.2.7. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын сақтандырушыға көшуді қамтамасыз ету;

10.2.8. сақтандыру жағдайы басталған кезде:

- зиянды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қолдану;
- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уәкілетті органдарды (жол полициясы, өрт қадағалау органдары және т. б.) дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар ету;

10.2.9. бұлінген мүлікті қарау жүргізілгенге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын сақтандырушыға оны өткізу орны мен уақыты туралы жазбаша хабарлауға;

10.2.10. зиян келтіру фактісі бойынша (тергеу, қылмыстық іс қозғау, сотқа шақыру және т. б.) уәкілетті органдардың іс-әрекеттерінің басталғаны туралы сақтандырушыға дереу хабарлау;

10.2.11. Сақтандырушының келісімінсіз өтемақы жүргізбеуге, зиян келтіруге байланысты ішінara немесе толық қойылған талаптарды мойындауға;

10.2.12. сақтандырушыға дереу хабарлау және егер Сақтанушының бұл үшін негіздемесі болса, қойылатын талаптардың мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдау;

10.2.13. егер сақтандыру шартында өзгеше көрсетілмесе, сақтандыру жағдайының басталуын,

сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және консультациялар беру, қажетті құжаттарды жинау және т. б. бойынша шығыстарды көтеру;

- 10.2.14. шартта, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға міндетті.

10.3. Сақтандырушиның құқықтары:

- 10.3.1. өзіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеру;
- 10.3.2. бұлғын мүлкіті тексеруге қатысу;
- 10.3.3. сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау, оның ішінде уәкілдегі органдарға сұрау салулар жіберу;
- 10.3.4. сақтанушыдан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын және келтірілген залалдың мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап ету;
- 10.3.5. Сақтанушының келісімімен сотта іс жүргізуі өзіне қабылдау;
- 10.3.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтанушыға қойылатын талаптардың мөлшеріне наразылық білдіру;
- 10.3.7. сақтандыру шартының, сақтандыру ережелерінің және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемінен бас тарту;
- 10.3.8. тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына пропорционалды түрде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандыруши сақтандыру шартына, сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы;
- 10.3.9. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10.3.10. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және осы Ережелердің 11-тaraуында баяндалған залал мөлшерін растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда сақтандырушиға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген кезден бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.
- 10.3.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

10.4. Сақтандыруши міндеттері:

- 10.4.1. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыру;
- 10.4.2. сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға қажет барлық құжаттарды Сақтандырушиға ұсынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау және сақтанушыға жазбаша дәлелді бас тартуды жіберу. Көрсетілген мерзім ұсынылған құжаттарды тексерудің негізді қажеттілігі жағдайында ұлғайтылуы мүмкін Сақтанушы/пайда алушы сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, соңғы құжат қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтанушыны жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге;
- 10.4.3. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 10.4.4. сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 10.4.5. сақтандыру шартында, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға міндетті.
- 10.4.6. Сақтандырушиға сақтандыру жағдай басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап 60 күнтізбелік күн өткен соң Сақтандырушиға құжат тапсыру қажеттілігі туралы ескертумен бірге, электронды поштага немесе (өтініште көрсетілген мекенжайға қолма қол) хат бағыштау әдіспен тиісті түрде Сақтанушыға/ Пайда алушыға хабарлайды.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРИН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 11.1. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың

тізбесі:

- 11.1.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлеміне өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:
1. сақтандыру Шартының көшірмесі (оның телінұсқасы);
 2. Пайда алушының зақым келтірлген мүлікке қызығушылығын растайтын құжаттар;
 3. сақтандыру жағдайының басталуы, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілікті айқындауға мүмкіндік беретіндер құзыретті органдардың факті мен мән-жайларын растайтын құжаттары;
 4. КҚ басқарған адамның жүргізуі қуәлігінің көшірмесі, КҚ басқарған адамның жол парагының көшірмесі (занды тұлға үшін);
 5. Сақтанушы – жеке тұлғаның жеке қуәлігінің көшірмесі, Сақтанушы – жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу қуәлігінің көшірмесі, Сақтанушы – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік көшірмесі;
 6. ЖКО қатысушыларын медициналық қуәландырудың көшірмесі (бар болса);
 7. шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында (бар болса) сақтанушының (сақтандырылушының) шығыстарын растайтын құжаттар;
 8. жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда жәбірленушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы денсаулық сақтау үйімінің анықтамасының көшірмесі немесе анықталған жағдайда, мамандандырылған мекеменің жәбірленушінің мүгедектігін белгілеу туралы анықтамасы, жәбірленуші қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы қуәліктің нотариалды қуәландырылған көшірмесі;
 9. сақтандыру төлемін аудару үшін пайда алушының банктік деректемелері.
- 11.2. 11.1-тармақта көзделген талаптарға сәйкес барлық қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін, жеке тұлғалармен жасалған сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды Сақтандырушының қарau мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.
- 11.3. Егер ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін, оның ішінде сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын келтірлген зиянның мөлшерін айқындау, зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру оқиғасының сипатын, себептері мен мән-жайларын белгілеу, сақтандырушының зиян келтірген адамға (зиян келтіруге жауапты) талап ету құқығын іске асыру үшін, сондай-ақ қарама-қайшы ақпаратты қамтуы үшін қажет ақпараттар болмаған жағдайда Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемі туралы/ сақтандыру төлем төлеуден бас тарту туралы негізделген шешім клиентке қабылдауға қажет, ақпараттарды сұрау себептерін түсіндірген уәжді хатты жөнелту жолымен қосымша ақпарат сұрастыруға құқығы бар.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕҢ БАС ТАРТУ

- 12.1. Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан немесе бір сақтандыру жағдайына жауапкершілік сомалар.
- 12.2. Егер сақтандыру төлемінің нұсқасы "КҚИ АҚЖ МС ескеріле отырып" болып табылса, 01.07.2003 ж. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының № 446 - II Заңының қолданыстағы нұсқасында көзделген сақтандыру сомасының жеткіліксіз жағдайында Жәбірленушіге келтірлген зиянды толық өтеу үшін 01.07.2003 ж. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының № 446 - II Заңының қолданыстағы нұсқасында көзделген сақтандыру сомасы мен нақты келтірлген зиян мөлшері арасындағы айырмашылық мөлшерінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.
- 12.3. Жәбірленушілердің өміріне, денсаулығына келтірлген зиян үшін сақтандыру төлемі Ережелердің 11.1-тармағын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен нақты залал мөлшерінде жүргізіледі.
- 12.4. Егер сақтандыру төлемінің нұсқасы "КҚИ АҚЖ МС есепке алмағанда" болып табылса, онда сақтандыру төлемі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірлген, қаза табуға немесе мүгедектік белгілеуге әкеп соққан зиян үшін Ережелердің 11.1-тармақты ескере

отырып келесі мөлшерде жүргізіледі (айлық есептік көрсеткіштерде, бұдан әрі – "АЕК"):

- Қаза табу – 1 000 (бір мың);
- I топтағы мүгедектік белгілеу – 800 (сегіз жүз),
- II топтағы мүгедектік белгілеу – 600 (алты жүз),
- III топтағы мүгедектік белгілеу-500 (бес жүз);
- "бала мүгедектігін" белгілеу-500 (бес жүз).

- 12.5. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес белгіленген, айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.
- 12.6. Сақтандырылуышының қайтыс болғаны үшін сақтандыру төлемінің сомасы мүгедектікті белгілегені үшін не еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылууды белгілегені үшін не сол сақтандыру жағдайының салдарынан болған еңбекке қабілеттілігінен уақытша айрылууды белгілегені үшін жүргізілген төлемдер сомасына азаяды. Жәбірленушіге мүгедектікті белгілегені үшін сақтандыру төлемінің сомасы тұрақты еңбек ету қабілетінен айрылууды белгілегені үшін не сол сақтандыру жағдайының салдарынан болған еңбекке қабілеттілігінен уақытша айрылғандығы үшін жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына азаяды. Жәбірленушіге еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылууды белгілегені үшін сақтандыру төлемінің сомасы сол сақтандыру жағдайының салдарынан болған еңбекке қабілеттілігінен уақытша айрылууды белгілегені үшін жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына азаяды.
- 12.7. Жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған жәбірленушілердің мүлкітің есептелген амортизациясын (тозуын) шегергендеңі жәбірленушілердің бүлінген мүлкін қалпына келтіру құнын есептеуді негізге ала отырып, сақтандыруши ұсынған сараптама жұмыстарын жүргізуге тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы және/немесе бағалаушы және/немесе сюрвейер, лосс-аджастерд жүргізген сараптама актісінің негізінде жүргізіледі;
- 12.8. Егер зиян бірнеше Жәбірленушіге келтірілсе және залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан немесе жауапкершілік шегінен асып кетсе, әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оған келтірілген залал мөлшерінің барлық жәбірленушіге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне қатынасына барабар сақтандыру сомасы шегінде төленеді. Бірінші кезекте жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі жүргізіледі.
- 12.9. Бұл ретте Сақтандыруши жеке тұлғалармен жасалған сақтандыру шарттары бойынша 11.2-тармақта белгіленген шекті мерзімнен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.
- 12.10. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде Сақтанушы жәбірленушіге шекті жауапкершілік сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырмашылықты өтейді.
- 12.11. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаганы үшін сақтандыруши Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 12.12. Сақтандырушиның Сақтанушы Шарттың талаптарын, сақтандыру ережелерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, сондай-ақ Шартта, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы бар.
- 12.13. Сақтандырушиның сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына сақтанушы сотқа шағымдана алады.
- 12.14. Сақтандырушины Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату бір мезгілде Сақтандырушины Сақтандырылуышыға және(немесе) пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады. Жәбірленушілерге зиянды өтеу үшін жауапкершілік, бұл жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен тікелей зиян келтірушіге жатқызылады.
- 12.15. Сақтандырушиның осы Ережелердің 11-тaraуында баяндалған құжаттар ұсынылмаған

жағдайда, 90 күнтізбелік күн өткеннен кейін, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап, егер 60 күнтізбелік күн өткеннен кейін Сақтандырушы Сақтанушыға/пайда алушыға құжаттарды Сақтандырушыға беру қажеттілігі туралы еске сала отырып, хат жіберу әдісімен тиісті түрде хабарлаған болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы бар.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ

- 13.1. Қажет болған жағдайда сақтандыру шартының талаптары тараптардың өзара келісімімен өзгертіледі. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қою арқылы жазбаша ресімделген жағдайда заңды құшіне ие болады.
- 13.2. Сақтандыру Шарты Қазақстан Республикасының заңнамасы және сақтандыру Шартында көзделген міндеттемелерді тоқтату негіздемелерден тыс келесі өзге жағдайларда тоқтатылады:
- 13.2.1. әрекет ету мерзімі аяқталса;
 - 13.2.2. сottың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
 - 13.2.3. Тараптардың бірінің талабы бойынша;
 - 13.2.4. Сақтандырушының сақтандыру сомасының толық мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;
 - 13.2.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.
- 13.3. Сақтандыру шарты Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 13.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар бір бірін сақтандыру Шартын бұзудың болжамды күніне дейін кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
- 13.5. Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабымен сақтандыру Шарты мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, осы Ережелердің 13.5.1-тarmaқта сипатталған жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы редакциясында көзделген шарттар бойынша, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 30\%) * \left(TCC - \frac{CC * i}{N} \right), \text{ мұндағы:}$$

30% - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

TCC - сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

CC - сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

i - Пайдаланылған күндер саны (айналыс күні пайдаланылмаган болып есептеледі);

N - сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).

- 13.5.1. Сақтанушы - жеке тұлғаның талабы бойынша сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға төменгі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 10\%) * \left(TCC - \frac{CC * i}{N} \right), \text{ мұндағы:}$$

10% - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

TCC-сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

CC-сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

i - қолданылған күндер саны (өтінішпен жүгінген күн қолданылмаган болып саналады).

N - Сақтандыру Шартының әрекет ету мерзімі (тәуліктермен).

- 13.6. Шартты мерзімнен бұрын тоқтату Сақтандырушы тарапынан оның талаптарын орындауынан туындаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары мен салынған сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.
- 13.7. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда, сақтандыру қорғанысы кезекті сақтандыру жарнасын кешіктірген күннен бастап автоматты түрде тоқтатылады. Сақтандыру қорғанысын тоқтата тұру кешіктірілген төлем төленген сәтке дейін әрекет етеді. Бұл ретте сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі, сақтандыру қорғанысы тоқтап тұрған мерзімге ұзартылмайды.
- 13.8. Егер сақтандыру қорғаудың қолданылуын тоқтата тұрған жағдайда, Ережелердің 12.8-тармағына сәйкес 30(отыз) күнтізбелік күннен астам уақытқа созылатын Сақтандырушының сақтандыру шартын біржақты соттан тыс тәртіппен мерзімнен бұрын бұзуга құқығы бар. Бұл ретте Сақтанушы бұрын төлеген сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.
- 13.9. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (ҚР АК 841-бабының 2-тармағы), егер бұл ҚР АК 841-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде, ҚР АК 842-бабы 2-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, егер шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

14. ҚОСАРЛАНГАН САҚТАНДЫРУ

- 14.1. Егер сақтанушы бірнеше сақтандыру компанияларымен КҚ сақтандыру шартында көрсетілген (қосарланған сақтандыру) қатысты осы тәуекел бойынша сақтандыру шарттарын жасасқан болса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі өзі жасаған сақтандыру шарты бойынша жауапкершіліктің шекті көлемінің Сақтанушы жасаған барлық сақтандыру шарттары бойынша осы тәуекел бойынша жиынтық жауапкершілікке қатынасына барабар төленеді.
- 14.2. Қалай болғанда да, сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасу кезінде немесе осындаш шарттардың қолданысы басталған сәттен бастап осы сақтандыру объектісіне қатысты басқа сақтандыру шарттарының қолданысы туралы хабарлауға міндетті.

15. ФРАНШИЗА

- 15.1. Франшиза-сақтандырушы жәбірленушіге өтеуге жатпайтын сақтандыру шартында айқындалған және сақтандыру сомасының белгілі бір пайзызы түрінде немесе белгіленген мөлшерде белгіленетін шығындардың бір бөлігі.
- 15.2. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша сақтандыру шартында шартсыз немесе шартты франшиза белгіленуі мүмкін.
- 15.3. Шартсыз Франшиза кезінде:
- 15.3.1. франшизаның белгіленген мөлшерінен аз немесе оған тең залал өтелмейді;
- 15.3.2. франшиза мөлшерінен асатын залал залалдың толық сомасы мен франшизаның белгіленген мөлшері арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі.
- 15.4. Шартты франшиза кезінде:
- 15.4.1. франшизаның белгіленген мөлшерінен аз немесе оған тең залал өтелмейді;
- 15.4.2. франшиза мөлшерінен асатын залал франшиза мөлшерін есепке алмағанда толық көлемде өтеледі.

16. СУБРОГАЦИЯ

- 16.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтандырушыға сақтандыру сомасы шегінде келтірілген зиян үшін жауапты тұлғага регрессиялық талап қою құқығы ауысады. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға осы құқықты іске асыру үшін қажетті барлық құжаттарды беруге міндетті.
- 16.2. Сақтанушы аталған құқықтарды беруден бас тартқан кезде, сондай-ақ сақтандырушыға өз құқықтарын соңғысы жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан кезде сақтандырушы зиян келтірушіден өндіріп алуы мүмкін сомага сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатылады.

17. **ФОРС-МАЖОР**

- 17.1. Форс-мажор-басталған кездегі Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындаудан босатылатын төтенше жағдайлар, егер бұл орындалмау сақтандыру шартын жасасқаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, болжау да, еңсеру де мүмкін емес төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде орын алған болса.
- 17.2. Форс-мажор жағдайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрттер, жер сілкіністері және басқа да табиғи апаттар, кез келген сипаттағы соғыстар немесе әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары.
- 17.3. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсерін бастан кешіретін Тарап мұндай жағдайлардың басталуы туралы екінші Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.
- 17.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсері құзырлы органдардың тиісті құжаттамаларымен расталуға тиіс.

18. **ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 18.1. Жасалған сақтандыру шарттан Тараптар арасында туындастын барлық келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
- 18.2. Егер келіссөздер нәтижесінде тараптар келісімге келмесе, мұндай жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.
- 18.3. Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсының сараптама жүргізуі талап ету құқығы бар. Сараптама оны жүргізуі талап еткен Тараптың есебінен жүргізіледі.